

*А.Б. Бекқажиев*

*магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих, археология және этнология факультеті*

## **СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ (XX ғасырдың 50-60 жылдары)**

### *Аңдатпа*

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталар тұстағы Қазақстандағы тарихи білімнің дамуы 1945 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының жанынан құрылған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының ашылуымен байланысты. Ол 1942 жылы құрылған тіл, әдебиет және тарих базалық институтынан бөлініп шықты. Уәлиханов атындағы институтта 3 сектор болды.

Қаз. КСР ғылым академиясы өзі құрылған 32 жыл ішінде (1946-1978 жж.) Қазақстандағы ғылыми мекемелердің саны 200-ге жетіп, ондағы ғалымдар саны 30 мыңнан асты. Олардың ішінде 7 ғалым Социалистік Еңбек Ері атағын, 18 ғалым Лениндік, 70-тен аса ғалымдар мемлекеттік және Республикалық сыйлықтар алды. Республикада ол кезе 707 докторлар мен 10840 ғылым кандидаттары еңбек етті.

Соғыстан кейінгі жылдарда, бір өкініштісі, зиялы қауымға қарсы сталиндік қуғын-сүргін саясатының жаңа толқыны басталды. Ленинград пен Мәскеуде идеологиялық тапсырма негізінде қолдан жасалған «Ленинград ісі», «Дәрігерлер ісі», ал Қазақстанда «Бекмаханов ісі» ұйымдастырылды.

Е.Бекмаханов талантты тарихшылардың бірі еді. Соғыс жылдарында белгілі ғалымдармен, тарихшылармен бірге ғылыми шығармашылық жұмыспен белсенді айналысты. Мысалы, соғыс жылдары А.Кучкин, А.Панкратова, Б.Греков, Н.Дружинин сынды белгілі ғалымдар енген авторлық ұжымның құрамында «Қазақ КСР тарихын» жазуға қатысты.

*А.В. Bekkazhiev*

*Master, Al-Farabi Kazakh National University, History, Archeology and the Faculty of Ethnology*

## **HISTORICAL SCIENCE OF THE POST-WAR YEARS DEVELOPMENT (50-60 years of the XX century)**

### *Absrtact*

The development of historical knowledge in Kazakhstan at the end of World War II was begun in 1945 by the Kazakh branch of the USSR Academy of Sciences Sh.Sh. In connection with the opening of the Institute of History, Archeology and Ethnography. Valikhanova. It was founded in 1942 from the Main Institute of Language, Literature and History. The Valikhanov Institute had 3 sectors. October During the 32 years of the USSR Academy of Sciences (1946-1978), the number of scientific institutions in Kazakhstan reached 200, in which more than 30,000 scientists worked. Of these, 7 scientists were awarded the title of Hero of Socialist Labor, 18 scientists were awarded the Lenin Prize, more than 70 scientists were awarded state and republican prizes. At that time, 707 doctors and 10,840 candidates of science worked in the country.

Unfortunately, in the post-war years a new wave of Stalinist policy of repression against the intelligentsia began. In Leningrad and Moscow, on the basis of ideological tasks, the artificial Leningrad Case, the Case of Doctors, and in Kazakhstan the Bekmakhanov Case were organized. E. Bekmakhanov was one of the most talented historians. During the war, he was actively engaged in scientific and creative work with famous scientists and historians. For example, during the war years, he participated in writing "History of the Kazakh SSR" as part of a team of authors, which included such famous scientists as A. Kuchkin, A. Pankratova, B. Grekov, N. Druzhinin.

*А.Б. Беккажиев*

*Магистр, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,  
история, археология и факультет этнологии*

## **РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК ГОДЫ ПОСЛЕ ВОЙНЫ (50-60 годы XX века)**

### *Аннотация*

Развитие исторических знаний в Казахстане в конце Второй мировой войны было начато в 1945 году Казахским отделением Академии наук СССР Ш.Ш. В связи с открытием Института истории, археологии и этнографии им. Валиханова. Он был основан в 1942 году из Основного института языка, литературы и истории. Валихановский институт имел 3 сектора. Октябрь В течение 32 лет Академии наук СССР (1946-1978) число научных учреждений в Казахстане достигло 200, в которых работало более 30 000 ученых. Из них 7 ученых были удостоены звания Героя Социалистического Труда, 18 ученых были удостоены Ленинской премии, более 70 ученых были удостоены государственных и республиканских премий. В то время в стране работало 707 докторов и 10 840 кандидатов наук.

К сожалению, в послевоенные годы началась новая волна сталинской политики репрессий против интеллигенции. В Ленинграде и Москве на основе идеологических задач были организованы искусственные «Ленинградское дело», «Дело врачей», а в Казахстане «Дело Бекмаханова». Е. Бекмаханов был одним из талантливых историков. Во время войны он активно занимался научной и творческой работой с известными учеными и историками. Например, в годы войны он участвовал в написании «Истории Казахской ССР» в составе авторского коллектива, в который вошли такие известные ученые, как А. Кучкин, А. Панкратова, Б. Греков, Н. Дружинин.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталар тұстағы Қазақстандағы тарихи білімнің дамуы 1945 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының жанынан құрылған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының ашылуымен байланысты. Ол 1942 жылы құрылған тіл, әдебиет және тарих базалық институтынан бөлініп шықты. Уәлиханов атындағы институтта 3 сектор болды. Қазақ КСР секторын Х.Г. Айдарова, археологияны А.Х. Марғұлан ал этнография секторын Н.С. Сәбитов басқарды. Жүре келе осы секторлар республика бойынша тарихи білімнің ғылыми ізденісі бойынша жолбасшы рөліндегі орталыққа айналды[3].

1946 ж. 1 - мамырда КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы Қазақ КСР Ғылым Академиясы болып қайта құрылды да, өз алдына шаңырақ көтерді. Оның тұңғыш президенті академик Қ.И. Сәтпаев болды. Қазақстанда ірі ғылым ордасы құрылғаннан кейін алғашқы жылдардың өзінде еліміздегі ғалымдар саны өлшеусіз өсіп, ғылыми мекемелердің қатары 20-ға жетті. Ондағы институттар мен бөлімшелерде 1000-ға жуық қызметкерлер жұмыс істесе, олардың 600-ге жуығының ғылыми атақтары болды. Осы аралықта тарих ғылымы саласында Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі С.Н. Покровский, тарих ғылымдарының докторы А.Б. Тұрсынбаев, тарих ғылымдарының кандидаттары А.Х. Марғұлан, В.Ф. Шахматов, А.Н. Нүсіпбеков, Т.Е. Елеуов, Б.С. Сүлейменов т.б. көптеген тарихшы ғалымдар жемісті еңбек етіп жатты. 1946 жылдың соңында штаттағы ғылыми қызметкерлердің саны 37-ге жеткізілді. Онымен бір мезгілде мамандар тапшылығы анық сезілген археология, этнография, деректану және басқа салалар бойынша ғалымдар даярлау ісі де қолға алынып, бұл мәселе 50-жылдардың соңына қарай негізінен өз шешімін табады. Бұл уақытта Ш.Ш. Уәлиханов атындағы институт құрамындағы 7 бөлімдегі ғылыми және ғылыми техникалық қызметкерлердің саны 75-ке өскен еді[3].

Егер, Академияның қоғамдық ғылымдар бөлімінде 1947 ж. басында 8 доктор, 26 кандидат болса, 1949 жылдың басында докторлар саны 12, кандидаттар саны 41-ге жеткен. Жетекші ғалымдар, А.Н. Нүсіпбеков «Воссоединение казахских земель в единое казахское советское государство», Б.С. Сүлейменов пен Х.Г. Айдаровалар XIX-ғ-ң соңы мен XX-ғ-ң бас-ғы қоғамдық ойдың даму мәселесін зерттеумен айналысса, Ә.Б. Тұрсынбаев Қазақстандағы ауыл шаруашылығын социалистік негізінде қайта құрумен айналысқан. Егер, Қазақстандағы археологиялық жұмыс 1939 жылдан бастап, тұрақты жұмыс істей алмаса, 1946-1947 жж. бастап, оның жұмысында өрлеу байқалды. Ал 1948 жылдың өзінде археологиялық сектордың белсенділігімен 3 ірі археологиялық экспедиция жасалған:

1. Орталық Қазақстанда А.Х. Марғұлан;

2. Оңтүстік Қазақстанда А.Н. Бернштам;

3. Шығыс Қазақстанда С.С. Черников бастаған экспедициялар орта ғасырдағы қалалар, қанлы-оғыз мәдениеті, қола дәуіріндегі көшпелілер тарихынан деректі материалдар жинастырды[2].

Тарих, археология және этнография институты 1947 ж. 14 ірі тақырыптар бойынша жұмыс жасаса, оның ішіндегі ең маңыздылары – XVII-XVIII ғғ. қамтыған Қазақ КСР тарихының материалдары; қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауы; Сырдария қазақтарының көтерілісі; Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс; ұйғыр-дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы; Қазан революциясының жеңісі; Қазақ КСР-нің құрылуы; және бірнеше археологиялық жұмыстар. 1948 ж. институт бойынша 82 тақырып жоспарланса, оның тарих ғылыми бойынша ең ірісі – «Қазақстан тарихын» баспаға беру, «Қазақ КСР тарихының» бес томдығын құрастыру.

Институт құрылғаннан кейінгі он жылдық мерзімде-ақ оның қызметкерлері қазақ халқының шығу тегі, оның қалыптасу мерзімі мен мемлекеттігі, революцияға дейінгі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы, қазақ қоғамында жеке меншік пен таптық қатынастардың қалыптасу ерекшеліктері, Қазақстанның Ресей империясы құрамына енуі және оның тарихи маңызы, Қазақстандағы азаматтық қозғалыс, оның тарихи кезеңдері мен көріністері, кеңестік биліктің орнауы, социалистік құрылыс, экономика тарихы, жұмысшы, шаруа және басқа әлеуметтік топтар тарихы, қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарасы сияқты мәселелерді айқындауға қажет жағдай туғызды. Сөйтіп, Қаз. КСР ғылым академиясы өзі құрылған 32 жыл ішінде (1946-1978 жж.) Қазақстандағы ғылыми мекемелердің саны 200-ге жетіп, ондағы ғалымдар саны 30 мыңнан асты. Олардың ішінде 7 ғалым Социалистік Еңбек Ері атағын, 18 ғалым Лениндік, 70-тен аса ғалымдар мемлекеттік және Республикалық сыйлықтар алды. Республикада ол кезе 707 докторлар мен 10840 ғылым кандидаттары еңбек етті.

Соғыстан кейінгі қоғамдық ғылымдардағы жеткен жетістіктерге қарамастан, Қазақстандағы тарихи – білімдік ой-санадағы қайшылықтар, Қазақстан тарихының маңызды мәселерін анықтауда жіберілген «идеологиялық қателіктерді» түзеу науқанына байланысты өрбіді. Яғни, XX-ғасырдың 40-шы жылдардың екінші жартысы мен 50-ші жылдары одақ көлемінде және республика өмірінде орын алған ғылыми дискуссиялардың тарих ғылымының зерттеу тақырыптары мен бағыттарына идеологиялық ықпалы болғандығы анық. Қазақстандағы кеңес тарих ғылымының таяудағы міндеттерін нұсқаған Қазақстан коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті өзінің 1945 ж. тамыз айында қабылдаған қаулысында («Қазақ КСР тарихының екінші басылымын даярлау туралы») республиканың тарихын оқып-үйренудің негізгі түрін идеологиялық қателіктерге жол бермеуден іздеді. КОКП ОК-нің Ұлы Отан соғысынан кейін қабылдаған мұндай қаулылары қалың оқырман қауымға беймәлім болатын-ды.

Тарих тағылымы көрсетіп отырғандай, кеңес дәуіріндегі мәдениет тарихының дамуы, өктемдік әдісті пайдаланған партия мен мемлекет рөлінің басымдығымен ерекшеленеді. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесінің дүлей күшіне сүйенген коммунистік партия, халыққа білім беру ісі мен мәдени-ағарту, әдебиет және өнер ісін өзінің қатаң бақылауына алып, бұқара арасындағы идеялық-саяси тәрбиелік және тарихи-білімдік жұмыстарды маркстік-лениндік идеология рухында жүргізді. Бұл үрдіс, соғыстан кейінгі жылдары ерекше үстемдік сипатқа ие болса, оның көрінісі рухани мәдениеттегі басшылықтан айқын байқалды. Әсіресе, әдебиет пен өнердегі идеялық-саяси деңгейдің идеологиялық негізін күшейтуге айрықша көңіл бөлініп, мәдениеттегі табиғи үрдістің дамуына мемлекеттік және партия ұйымдарының қисынсыз араласуы сияқты оғаш істерге орын берілді. Әдебиет, музыка және бейнелеу өнерін қамтыған осы әрекеттер, соғысқа дейін басталған «жасандылықпен күрес» идеясының негізінде жүргізілді.

БКП (б) Орталық Комитеті 1946 жылғы 14 тамызында «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы, сол жылғы 26 тамызда «Драма театрларының репертуарлары және оны жақсарту шаралары жөнінде», ал 4-ші қыркүйекте «Үлкен өмір» кинофильмі туралы қаулылар қабылдады. Осы мәселеге байланысты КОКП Орталық Комитетінің секретары А.А. Ждановтың Ленинград партия активінің жиналысында сөйлеген сөзі ұлт жанды интеллигенцияны қуғындауға жол ашып берді. Осылайша, жоғарыдағы қабылданған саяси құжаттар мен А.А. Ждановтың сөзінен кейін, көп кешікпей КСРО-ның мәдени және ғылыми өмірінде тексіз «космополиттермен» саяси күрес науқаны басталып кетті. Дәл осы саяси науқан жекелеген республикаларда, олардың қатарында «буржуазияшыл ұлтшылдармен» күресуге ұласты. (Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, Х. Жұмалиев, Е. Исмаилов, Қ. Мұхаметқанов т.б. сотталды, т.б. бірнеше адам моральдық қуғын-сүргінге ұшырады...) Кеңес халықтарының атын пайдаланып, шындығында тек орыстың тарихы мен мәдениетін, ғылымын таза орысшылдық пиғыл тұрғысынан мадақтап, көп ұлтты кеңес

халқының санасына сол пиғылды орнықтыруды мақсат еткен бұл аталмыш қаулылардың саяси астары өте жымысқы мұрат-мақсатты көздеген болатын. Бұл қаулының астарында жатқан саяси – идеологиялық негізгі мақсаттың бірі-одақтағы түркі тілді халықтардың мұсылмандық шығыспен мың жылдан астам қоян-қолтық араласудан туған рухани байланысты үздірді, ақырында олармен ертеден қалыптасқан халықты ұлттық тарихи білімдік ой-санасынан айырып, тіпті одан мүлде адастыруды көздеді. Міне, осы саяси – идеологиялық мақсат тұрғысынан келіп қоғамдық ғылымдар саласында бұл мәселе туралы зәредей пікір айтуына, зерттеп танып білуге қатаң тиым салынып, тілге кісен, ой, пікірге тұсау салынды. Сол бір күрделі кезеңнің мәдениет мәселесіндегі партия саясатын саралаған тарихшы Т. Омарбеков, XX-ғасырдың 1940-1950-жж. партиялық құжаттар топтамасын ойшыл адамдарды ауыздықтау үшін, үлкен екі мақсат бойынша әдейі жүргізілген іс-шара деп пайымдайды. Оның алғашқысы – идеологиялық ықпалға оңай берілетін интеллигенция өкілдерін пайдаланып, бұқара халықтың тарихи-білімдік ой-санасын «өңдеу», екіншісі, басқаша ойлайтындарға қарсы ашықтан-ашық жазалау және қуғын-сүргін науқанын ұйымдастыру.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қазақ кеңес әдебиетін және республикадағы театр өнерін дамытуға байланысты шараларын марапаттаған кезде сталинизмнің ауыр соққылары болып табылатын ВКП (б) Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы (1946 ж.), сондай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» (1947 ж.) дүмше қаулыларының республиканың белді әдебиеттанушы ғалымдарын, талантты, әдебиет пен өнер қайраткерлерін аяусыз да қатыгездікпен қуғындауға бастау болғаны тарихта өзінің қаратаңбасын қалдырды. Әсіресе, соңғы қаулының шешімдерінде көркем шығармалардың тарихи білімдік мәні Қазақстанның өткен өмірін дәріптеушілік ретінде сыналып, көркем шығарманың негізгі желісі социалистік өмір салтынан ауытқымау керектігі айтылды.

Космополитизм мен қазақ ұлтшылдығын айыптаудың нақты көрінісі – Орталық Комитеттің сол жылдардағы бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтың Алматы қаласында өткен идеология қызметкерлерімен болған жиналыста және оның Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IV съезінде (1948 жылғы ақпан) осы рухта сөйлеген сөздерінің ғасырлар бойы қазақ халқының мақтанышы болып келген Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетіміздің дарынды өкілдерін – Базарды, Мұратты, Шортанбайды, Шәңгерейді, Омар Қарашевті, С. Торайғыровты буржуазияшыл ұлтшылдар, феодалдық-реакциялық бағытта шығарма жазушылар деп бағалауға жол салғанын, ал кеңестік Қазақстанның көрнекті ғалымдары Б.Кенжебаевты, Т.Нұртазинді, Ә.Қоңыратбаевты, Е.Ысмайыловты республика Жазушылар одағының партия жиналысының ұлтшылдар деп жазалауына саяси негіз қалап бергені де тарихтан белгілі;

Қазақ эпосының «Шора батыр», «Ер Сайын», «Қарасай - Қазы», «Орақ - Мамай», «Қазтуған батыр» тәрізді таңдаулы үлгілерін Алтынорда хандары мен ноғайлы батырларын ғана дәріптейтін шығармалар қатарына жатқызғанымыз да үлкен қателік еді;

Кезінде ВКП (б) Орталық Комитетінің Татар облыстық партия комитетінің жұмысы туралы қаулысында «Едіге батыр» жыры қаталдыққа, зорлық-зомбылыққа және соғысқа шақыратын шығарма деп танылған соң, одан да бойды аулақ салдық.

Осыған орай Қ. Сәтбаевтың жоғарыдағы «Едіге батыр» жырына өзі алғы-сөз жазып, оны жариялағаны үшін «ұлтшыл» атанғанын, ал М. Әуезовтың 1945 жылы жарық көрген «Абай өмірінің және творчествосының биографиялық очеркі» еңбегінің Абайды «реакцияшыл ақындар Шортанбайдың, Жүсіпбектің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ортасында суреттейтін зиянды шығармаға» жатқызғанын, сонымен қатар М. Әуезов сонау 30-шы жылдардың алғашқы жартысында «Абайдың поэтикалық мектебі» деп аталатын «қате» концепцияны ұсынғаны үшін қуғындалғанын, мұның ақыры қазақ халқының таңдаулы ұлдарын республикадан кетірумен аяқталғаны қазір ешкімге жасырын емес. Сол сияқты қазіргі ұрпақ қастерлейтін белгілі ғалымдар Қ. Жұмалиевтің, Ә. Марғұланның, М. Ғабдуллиннің «Қобланды батыр» жырына берген объективті бағалары үшін жазықсыз айыпталғаны да белгілі.

ВКП (б) Орталық Комитетінің 1948 жылы қабылданған «В. Мураделидің «Ұлы достық» операсы туралы» қате де сорақы қаулысынан кейін, Қазақстан КП(б) орталық Комитетінің кезектен тыс Пленумы шақырылып, онда республикадағы қазақ әдебиеті мен театр мәселесі арнайы қаралып, «Қазақ кеңес әдебиетінің жағдайы және одан әрі дамуы туралы» қаулы қабылданды. Оның шешімі бойынша қазақ әдебиетінің ауылдағы тап күресінің жеткілікті аша алмауын мінеп, жекелеген хандар мен «реакциялық» ақындардың әдебиеттегі дәріптелуін сынады. Көп кешікпей, Қазақстан Компартиясының V съезінде жасаған баяндамасында Ж.Шаяхметов

«Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларынан, «Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесаларынан идеялық кемшілік іздеді. Сөйтіп, интеллигенцияны ққдалау мен оның ізіне түсу әрекеттері И.В. Сталин қайтыс болғанша толастамады. Соғыстан кейін басталған идеялық соққы, тарихи білімнің ұлттық мәнінен айналып өтпей, оның дамуына да өзінің көлеңкесін түсірді.

Соғыс аяқталысымен партия қойып отырған идеологиялық жаңа міндетті бағдарламалық құжат ретінде бірден қабылдаған Қаз. КСР Ғылым Академиясындағы тарих, археология және этнография институты 1947 ж. 15- 19 мамыр аралығында өзінің алғашқы сессиясын өткізіп, Қазақстан тарихына қатысты бірқатар мәселелерді сын тұрғысынан талқылады. Қазақ КСР Ғылым Академиясының толық мүшесі, профессор С.В. Юшков, «Қазақстандағы тарих ғылымының негізгі міндеттері» - деп аталатын баяндамасында тарихшылардың Қазақстан тарихынан сүбелі еңбектер бере алмай отырғаны көрсетілсе, «Националистические извращения в вопросах истории Казахстана»-деген баяндамасында, тарихшы Х.Г. Айдарова, «қазақ тарихы ұлтшылдық тұрғыдан жазылуда; Ә. Марғұлан бастаған тарих институтының бірқатар қызметкерлері саяси қате пікірге жол берген», – деп сынап отырып, қазақ тарихының жазылуын идеологиялық жағынан күшейтуді жақтады.

*Кезіндегі кеңес адамдарының санасында орныққан «Ұлы Отан соғысы» термині КСРО идеологтарының қысылтаяң жағдайында социалистік Отанды қорғау үшін ойластырған тұжырымының нәтижесі болатын. Өйткені, тарихтан білетіміздей, КСРО-ғы «жеңген социализмнің Конституциясы» бүкіл кеңес халқының әлеуметтік жағынан теңескенін заңдастырып, біртұтас социалистік Отан түсінігін орнықтырып үлгерген еді. Осыған байланысты халық, бір жағынан негізгі Заңды мойындау керек болды да, екінші жағынан сол социализмнің шындығына деген өзінің шексіз сенімін қалайда ақтау керек болды. Міне, жалпы халықтың осындай пиғылын дер кезінде байқаған кеңестік идеологтар социалистік Отанға төнген қауіпті «Ұлы Отан соғысы» деген терминмен безендіріп, қиындықтан шығудың жолын тапты.*

Шындығына жүгінсек, тарихтағы соғыстар бір ел мен екінші елдің арасында болып келді. Мысалы, «Орыс-Жапон соғысы», «Орыс-Түрік соғысы», «Қазақ-Жоңғар соғысы», т.б. – соның дәлелі. Сол сияқты, 1941-1945 ж.ж. болған соғыс «Ресей-Герман соғысы» болатын. Өйткені, сол соғыс кезіндегі немістер, кеңес құрамындағы орыстан басқа ұлттарды қаперіне де алмай, көбінде орыстың атын атап соғысты. Олар кеңес құрамындағы орыстан басқа ұлттардың бәрін орыстың ықпалында деп санайтын. Осыған байланысты біз, осы тармақшада кеңестік империя құрамында болғанымызды мойындап, өз тақырыбымызды «Кеңес-герман» терминімен байланыстырғанды жөн көрдік.

«Халықтар достығы» термині де дәл осы кезде күш алды. Алайда, бұл да халықтың социализмге деген шексіз сенімінен өсіп шыққан жаңа термин болатын. Нәтижесінде, «Ұлы Отан», «Халықтар достығы» деген түсініктер соғыс басталғанда кеңес адамдарының бәрін көзсіз ерлікке бастады.

Осы соғыс кезіндегі тарихшы Е. Бекмахановтың іс-әрекетін де рухани саладағы үлкен ерлікке жатқызуға болады. Ол, «Халықтар достығы» ұранына сеніп, соғыс жылдарында, тарихи-білімдік ой-санада төңкеріс жасаумен бірге, біздің тарихымыздың ұлттық сипат алуын қайта жандандырды. Бұл, шынында да Ш. Құдайбергенов, М. Тынышбаев, Т. Шонанов, Қ. Кемеңгеров, С. Асфендияров, Х. Досмағамбетов сияқты кезінде дәлелсіз жазаға ұшыраған тарихшылардың ой-саналарында болған ұлттық тарихи білімнің өресін кеңейту ниетіндегі нағыз ерлік еді. Е. Бекмаханов қазақтың соңғы ханы К. Қасымұлы бастаған көтерілістің орыстың отаршылдығына қарсы бағытталған ұлт-азаттық сипатын көрсетумен бірге, қазақ халқының XIX ғасырдың 1920-1940 жылдардағы шынайы тарихын жазып, жалпы тарихтың күмәнді жақтарын күлден аршып алудың үлгісін көрсетті. Егер біз, Қасым, Есім, Тәуке сияқты хандарымыздың заңдарын қастерлеп, соны басшылыққа алған бабаларымыздың қазақ елінде сан ғасырлар бойы елдік сананы негіздеген ерліктерін көрсеткен жоғарыдағы тарихшылардың еңбектерін кеңес дәуірі кезінде оқып-таныса алмасақ, Е. Бекмахановтың қазақ халқының XIX ғасырдың 1920-1940 жылдардағы тарихын көрсеткен монографиясы қалың көпшілік арасында халықтың сауаты жетілген уақытта таратылып, тарихи –білімдік сананың жандануына әсер еткені ақиқат-шындық.

Е. Бекмахановтың 1950-1960-жылдардағы өмір жолынан жене оның тарихи білімнің болашағына қатысты пікірлері мен жасаған істеріне ұарап мынандай ой түйіндеуге болады:

1. Е. Бекмаханов 1950-1960-жылдардағы еңбегі мен қызметінде, елінің тарихына жанашырлықтың тамаша үлгісін тағы 2 рет байқатқан. Егер Е. Бекмаханов, айдаудан қайтқан біраз

жылдың ішінде өзінің доктор, профессор сияқты ғылыми атақ пен дәрежесін қайта алып қана қоймай, 1958-жылы, Қазақстан тарихында тұңғыш рет ҚазМУ сияқты жоғары оқу орнының төрінен «Қазақстан тарихы кафедрасын» ашу арқылы жоғарыдағы лауазымдарға толық лайық екенін делелдеп үлгерсе, осының өзі оның тарих ғылымында жасаған екінші ерлігі болып табылады.

2. Ал егер Е. Бекмаханов, өз төңірегіне таңдаулы тарихшы кадрларды жинай отырып, Қазақстан тарихын пән ретінде жүйелі оқытуға қамқоршы бола алса, онда оның осы әрекетінің өзін Қазақстандағы тарихи білімді дамыту жолындағы үшінші ерлікке жатқызуға әбден болады. Өйткені Е. Бекмаханов Қазақстан тарихы мектеп курсының және жоғары оқу орнында Қазақстан тарихы пәнін жан-жақты оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін салған алғашқы әдіскер тарихшы-ғалым болатын. 1959-жылы оның және доценттер М.Б. Ақынжанов пен Н.Н. Дауылбаевтардың құрастыруымен ҚазМУ-дың тарих факультеті мен Республикадағы педагогикалық институттардың тарих-филология факультеттері үшін С. Асфендияровтан кейінгі екінші болып табылатын типтік оқу бағдарлама шығарылса, оған Е. Бекмахановтың өзі басшылық жасаған еді. Бұл бағдарламаның «Алғашқы қауымдық құрылыс және Қазақстан территориясындағы таптық қоғамның пайда болуы» - деп аталатын бірінші бөлімі 6 тарауға бөлініп, оның әрқайсысы 28 тармаққа топтастырылған. Бағдарламаның екінші бөлім 2 тарау, 9 тармақшадан тұрса, ол бөлімнің аталуы «Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі және Қазақстанның социализмге көшуі» - деген айдармен беріліп, «Қазақстанның соғыстан кейінгі дәуірдегі мәдени құрылысының негізгі қорытындылары» - деп аталатын тармақшамен аяқталады. Екі бөлімнен тұратын аталмыш бағдарламаның мазмұнында ежелгі дәуірден бастап И.В. Сталин билік еткен кездегі кеңестік Қазақстанның тарихы толық қамтылса, бұның өзі 1950-1960-жылдардағы тарихи білімді дамыту тарихында болған үлкен жетістік болатын.

Сондай-ақ, Е. Бекмахановтың 1960-жылдары орта мектепке арнап шығарған оқулықтары конкурста жеңіп алу арқылы республика мектептерінде пайдалануға ұсынылса, әрі ол – 30 жыл бойында, еліміз егемендік алғанша оқытылса, онда біз, Е. Бекмахановтың тарихи білімді дамытудағы үшінші ерлігіне ешқандай күмән туғыза алмаймыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) 5-том – Алматы, 1984, Ғылым, -452 б.*
2. *М.Б. Мұхамедов, Б.Сырымбетұлы Қазақстан тарихы (екінші басылымы) – Алматы, 2010. Қарасай, -326б.*
3. *Б.Т.Берлібаев Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001жж.) [мәтін]: тарих ғыл. Докт. ...дис./ Б.Т.Берлібаев; -Алматы, 2010. -351б.*
4. *А. Мамашұлы Бекмахановты қудалауға Қазақстан таришылары себеп болды // Егемен Қазақтан, 201*

#### **List of references:**

1. *history of the Kazakh SSR (from ancient times to the present) volume 5-Almaty, 1984, Nauka, -452 P.*
2. *M. B. Mukhamedov, B. Syrymbetuly history of Kazakhstan (second edition) – Almaty, 2010. Karasay, -326 P.*
3. *Berlibayev B. T. formation and development of historical knowledge in Kazakhstan: a historical and theoretical study (1920-2001.) [text]: history science. Doct. ...dis./ B. T. Berlibayev; - Almaty, 2010. - 351b.*
4. *the reason for the persecution of Bekmakhanov A. Mamashuly was the Taris of Kazakhstan.*